

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды 2008 жылғы 4 қазанға тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 28 шілдедегі N 635 Жарлығы

Р е с п у б л и к а л ы қ б а с п а с ө з д е

жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 69-бабына сәйкес, 2002 жылғы қазанда сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары өкілеттіктерінің конституциялық мерзімінің аяқталуына байланысты **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауы 2008 жылғы 4 қазанға тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Астана мен Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды ұйымдық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев